

## **«Жұмыспен қамту көрсеткіштері: жұмыссыздықты бағалаудың балама әдістері» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері туралы есепке аннотация**

**Зерттеу мақсаты** – Қазақстанның еңбек нарығына талдау жүргізу, ресми деректерді бұрмалайтын еңбек нарығының жасырын аспектілерін анықтау және халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, балама әдістер арқылы Қазақстандағы жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейін бағалау. Зерттеу тобы жұмыссыздық пен жұмыспен қамтудың балама бағаларын есептеді, жұмыссыздықтың жиынтық индикаторын есептеу әдістемесі ұсынылды, бұл әр фактордың жұмыссыздық деңгейіне әсерін көрсетеді. Географиялық факторлардың Қазақстандағы өңірлік жұмыссыздық деңгейіне әсерін бағалау нәтижелері алынды.

### **Тапсырмалар:**

- 1) жұмыссыздық пен жұмыспен қамтуды бағалаудың балама әдістерін олардың тиімділігі мен дәлдігін салыстыру үшін оларды қолданудың халықаралық тәжірибесін зерттеу;
- 2) өңірлік жұмыссыздық деңгейін қалыптастыруға оң және теріс әсер ететін факторларды анықтау;
- 3) Қазақстанның статистикалық деректері бойынша жұмыссыздық пен жұмыспен қамту, сондай-ақ жасырын жұмыссыздық деңгейінің балама көрсеткіштерін әзірлеу;
- 4) сараптамалық-параметрлік әдіс негізінде «жұмыссыздықтың жиынтық индикаторы» бақылау айнымалысын әзірлеу;
- 5) экономикалық көрсеткіштерді жақсарту және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру үшін жұмыссыздық пен жұмыспен қамтуды бағалаудың балама әдістерін қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу объектісі** – еңбек нарығы өңірлік деңгейде және ел деңгейінде.

Зерттеудің **әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық базасы** отандық және шет елдік ғылыми жұмыстардың нәтижелерін талдау мен қолдануға, Қазақстан халқын жұмыссыздық деңгейін есептеу үшін құрылымдық топтарға бөлуге, АҚШ-тың Еңбек статистикасы бюросы мен Канаданың Ұлттық статистика басқармасы әдіснамасы бойынша ҚР статистикалық деректері негізінде жұмыспен қамту және жасырын жұмыссыздық деңгейінің балама көрсеткіштерін есептеуге мүмкіндік берген бірегей деректерді пайдалануға негізделген, сондай-ақ сараптамалық-параметрлік әдіс негізінде жұмыссыздықтың жиынтық индикаторын әзірлеу.

## **Зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар мен ұсынымдар**

1. Ресми жұмыссыздық деңгейінің тұрақтылығына қарамастан, ұзақ мерзімді және мәжбүрлі жұмыссыздық, сондай-ақ экономикалық себептермен толық емес жұмыссыздық сияқты жасырын проблемалар бар. Еңбек нарығындағы жағдайды жақсарту үшін жұмыссыздардың әртүрлі топтарын қолдауға және оларды еңбек нарығына интеграциялауға жағдай жасауға бағытталған кешенді шараларды әзірлеу қажет.

2. Әзірленген жұмыссыздықтың жиынтық индикаторы жұмыссыздыққа әсер ететін әртүрлі өңірлік көрсеткіштер бойынша жарияланатын динамикалық қатарлардың сәйкестігін және өңірлік жұмыссыздық деңгейінің статистикасын тексеру үшін бақылау индикаторы бола алады. Мәселен, жиынтық индикатордың бағалауы 2006-2007 және 2013-2014 жылдар кезеңінде Алматы қаласында жұмыссыздық деңгейі жоғарылауы тиіс екенін көрсетеді, дегенмен ресми деректер бойынша жұмыссыздықтың төмендеуі байқалды.

3. LISA<sup>1</sup> әдісі мен Моран индексі негізінде экономикалық белсенділік, урбанизация деңгейі, халық саны немесе географиялық жағынан орналасу сияқты кеңістікті факторлар аймақтық жұмыссыздықтың айырмашылығында шешуші рөл атқаратыны анықталды: көршілес аймақтардағы жұмыссыздық деңгейінде ұқсас тенденциялар байқалады, бұл кездейсоқ ауытқулардан гөрі құрылымдық заңдылықтарды көрсетеді. Бұл жұмыспен қамту саясатын әзірлеу кезінде кеңістікті факторларды ескеру қажеттілігін көрсетеді.

4. Жұмыспен қамтуды және жұмыссыздықты бағалаудың балама әдістерін пайдалану дәстүрлі тәсілдерді толықтырып қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі еңбек нарығының қиындықтарына жауап бере алатын нақты және бейімделгіш жұмыспен қамту саясатына ықпал етеді.

Зерттеу жетекшісі – **Ишуова Жанна Шамилевна**, PhD, экономика саласында сарапшы, «Қолданбалы экономиканы зерттеу орталығы (Applied Economics Research Centre)» ЖШС.

Жетекші орындаушы – **Дарибаева Меруерт Жумабаевна**, PhD.

Жетекші орындаушы – **Болуспаев Шалкар Аманжолович**, PhD, Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Экономика» кафедрасы доцентінің міндетін атқарушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті.

**Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды жариялауы туралы ақпарат:** зерттеу тобының зерттеу

---

<sup>1</sup> жергілікті кеңістікті автокорреляция көрсеткіштерін талдау

бойынша нәтижелері "Еуразия ғылымының хабаршысы" (the Eurasian Scientific Journal) ғылыми журналына мақала түрінде жолданды.